

АЛҚАЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

1-секция. Т.Т.ПІРІМБЕТОВТИҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Смағұлов Жандос Қожахметұлы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ӨТТІ ДЕ КЕТТІ БІР ҒҰМЫР

**«Да-да-а, теперь артиллерия
смерти по нашим позициям бьет»
Б.Момышулы.**

Өмірде қанша жақсы білемін дегеніңмен де ол туралы сезімді көзі тірісінде айтып та, дер кезінде жазып та үлгермеген адамдар болады. Әдетте естеліктер кей адамдарға арналғанда көпірте жазылатыны да жалған емес. Бірақ өзінің қарапайым ғана ғұмырымен, қысқа да болса өнегелі тағдырымен үлгі беріп кететін жандар қаншама... Шыр етіп дүниеге келгеннен кейін «тал бесіктен - жер бесікке» дейінгі адам ғұмырының сапары қызық та күрделі кезеңдерден тұрады. Сол өмір жолында көптеген адаммен қызметтес, әріптес, дос-жолдас боласың. Олардың біреулері ой-санаңда өшпестей із қалдырып, әрдайым ерекше бір қимастықпен, адами ризашылық сезіммен еске аласың. Ал кейбірінің өзі түгіл аты-жөні де есте қалмайды. Оны қарапайым ауыз екі тілде тағдыр деп те жатамыз. Адам өмірі қызық. Кейде азды күн ғана сапарлас болған адамның өзі жадыңнан ешқашан кетпейтіндей бейнеде қалатын жағдаяттар да болады.

Бір данышпан: «Жалпы, адам Өткенімен және Бүгінімен өмір сүреді, ал Ертең – сол екі бейнең шағылысатын айна ғана. Өткенің – қап-қара, Бүгінің – қара қоқым болса, Ертең - айнаның бүтіндігінен қайран жок. Жүрегіңнің сәулесі түсіп тұрмаса, ол онда айна емес, түпсіз қарақұрдым! Өткенге қылар шараң қандай, ең ұлы күрес, ең болмағанда, бүгініңнің жүзін жарық қылу үшін жүруі керек» деген екен. Сол ертеңгі айнасы жарқырап тұруға ғұмыр кешкен жанның бірі, студент шақтан бірге өскен тағдырлас жолдас, кейін әріптес – **филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасы доценті, Қарағанды мемлекеттік Е.А.Бөкетов атындағы университетінің еңбек сіңірген қызметкері Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов еді.**

Тұрмаханның қандай тұлға, білгір ұстаз, дарынды ғалым екенін туыс-жекжат, ағайын-бауыр, дос-жаран, әріптестер мен шәкірттерінің бәрі біледі. Олар осы кітаптағы өз естеліктерінде оны жан-жақты жазады. Сондықтан қайталамас үшін мен бұл эсседе Тұрмахан мен Алтын өміріндегі жалпы жұрт біле қоймайтын беймәлім жайларды айтуды дұрыс деп таптым. Мен және жарым Гауһар екеуіміз Тұрмаханмен бес жыл бір топта оқыдық. Студенттік қызық та қиын жастық шақты бірге өткіздік.

Тағдыр бізді Орталық Қазақстандағы ғылым-білімнің қара шаңырағы ҚарМУ-де табыстырды. 1974 жылы тамызында осы университеттің филология факультеті «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына 25 ұл-қыз оқуға түстік. Негізі тобымыз сабақты 28 студентпен бастады. Ұмытпасам, екі жігіт әскерден оралып, бір қыз академиялық демалыстан келді ғой деймін. Оның есте қалу себебі, тобымыздың кураторы, анамыздай сыйлайтын апайымыз Сәбила Төлекова: «Басты қатырып сырттан іздегенше, осы 14 ұл мына 14 қызға үйлене салсандаршы» деп қалжыңдайтын. Бізге, үлкені - 22, кішісі - 17 жастағы ұл-қыздарға, студенттік кезде «ботқалас» (однокашник) болуға тағдыр осылай жазыпты. Топырағың торқа

болғырлар, сол 14 ұлдан ішінде Тұрмахан да бар, бүгінде бесеуі фәниден бақиға аттаныпты. Иә, бір кем дүние...

Филология факультетінде бір оқу тобында 14 ұл баланың болуы ол кезде де, қазірде де сирек құбылыс. Оның себеп-салдары да жоқ емес. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына бар-жоғы 25 студент қана қабылдайды. Бір орынға 15-17 абитуриент таласады. Ал «орыс тілі мен әдебиеті» мамандығында бір курста бақандай 100 студент оқиды. Бұл да болса тоталитарлық замандағы ұлт мектептерінің жаппай жабылып, республикадағы екінші университетке ие Қарағанды секілді қалада бар-жоғы ұлт тілінде қазақша оқытатын екі мектеп-интернаты ғана бар деңгейге төмендеген кезең болатын. Қазақ бөлімінде оқитын осы 25 студенттің екі-үшеуінен басқасының дені қыз балалар болып келетін. «Сөз өнерінің дертімен» ауыратын ұлдар жағының жағалайтыны осы факультет болғанымен, оларға қарағанда қыздар білімді де тиянақты екені де рас. Содан да болар, ең жауапты емтихан саналатын шығарма жазудан соң-ақ әдеби білімі мол және өлең жазуға бейімі бар ұлдар жағы қазақ тілінің үгірі мен сызықшасының кесірінен осы сыннан кейін селдіреп сала беретін. Алайда сол «қызы құрғырлар» үшінші курстан бастап-ақ «махаббат ауруына» шалдығып, тұрмысқа шығады да, сырттай бөлімге ауысады, академиялық демалыс алады. Оқуды бітірерде бес-алтауы ғана тұрмысқа шықпайды, қалғандыры жас баласымен оқиды. Бар-жоғы оншақтысы ғана диплом қорғауға жетеді. Оның соңы осы мамандық бойынша жыл сайынғы маман дайындауда мемлекеттік тапсырыстың орындалмай қалуына әкеледі.

Осындай келеңсіздіктен мезі болған факультет деканы Х.Нұрмұқанов қабылдау емтихан төрағасы болған ұстазымыз З.Т.Жұмағалиевпен ақылдаса келе, осы жылы оқуға түсетіндерден ұлдар жағының басым болу жағын басты мақсат етіп қояды. Осындай бір тәжірибелік тың эксперимент жасауды жоспарлайды. Бағымыз бар шығар, сол жылы студент атанған ҚФ-74 тобындағы 14 ұл ұстаздарымыздың осы бастамасының арқасында ғана оқуға түстік қой деп санаймын. Қазірде алды алпыстан асып, соңы соған таянған солардың ішінен үшеуі ғылым докторы, біреуі ғылым кандидаты болып шықты. Сол он төрт жігіттің ең «төмен» қызметтегісі – мектеп директоры. Қазір факультетте бірде бір ұл бала жоқ топтар да бар. Бұл оқуға түсуге тесттік жүйенің енгізілуіне байланысты демеске амал жоқ. Ал қыздардың дені ауылға тұрмысқа шықпайтыны хақ. Содан ұлыны да, дананы да туғызған ауыл мектебінің болашағы бүгінде шағын мектептер тағдырына тіреліп тұр.

Конкурстан соң үлкен залға жинап алып, оқуға қабылданғанымыз туралы бұйрықпен таныстырған декан Х.Нұрмұқанов ағай 1 қыркүйектен ауыл шаруашылығы жұмыстарына баратынымызды, сол үшін жылы киіммен келуімізді тапсырды. Сол күні қазіргі Гоголь – 38 оқу ғимаратына жиналды. Бірақ бізді сельхозға бірден аттандырмады, біз баратын жер дайын болмай, бір апта сабақ оқыдық. Жоғарғы курстағылармен таласа-тармаса жүріп, жұмыла жатақханаға орналастық. Алғашқы күнгі сабақтан соң-ақ жігіттер жағы таныса келе, оны сол күні-ақ «сыраханадан сылқия шығып жуып» тастадық.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарына кетуге тиісті бізге дәріс бастауға ұжым әлі дайын емес, сабақ кестесі де жасалмаған. Оқытушылар күнде тілден сөз таптарын, сөйлем мүшелерін талдатады да жатады. Мектепті енді бітіргендер, қабылдау емтиханына тыңғылықты дайындалғандар қамшы салдырмай, көзге түсуге ұмтылып қалып жатты. Бір күні білімдар ұстазымыз Ұлбек Оспалақова бізді мектепте терең оқытылмайтын қазақ тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері қабысу, жанасу, меңгеру, қиысу, матасу деген деген «пәлеге» салды. Сөйлем талдауда алдарына жан салмай отырған қыздар жағы «шатасуға» тап болды. Осы кезде «рұқсат болса, мен айтайыншы» деп аяғын сылти басып Тұрмахан тақтаға шықты да, бәрін орын-орнына қойып берді. Тілден білімі терең, оған бейімі басым екендігін бірден даусыз мойындатты. 4 сыныптан бастап айырылмас серігі болған шылымы аузынан түспей кеткен, қою қара шашты, сәндеп қияқ мұрт қойған жігіт біздің ортада алғаш көзге осылай түсті.

Бір аптадан соң сол кездегі Тельман ауданы Ростовка елді мекеніне картоп теруге аттандық. Студенттік қызық та думанды, енді қайталанбас қымбат өмір кезеңі басталды.

Сельхоз жұмыстары, құрлыс отрядтары деген факультет студенттерінің тонның ішкі бауындай араласуына, адам тану, жаңа дос табу жолында жырлап тауыса алмайтын айтулы бір кезең. Ростовкадағы ұзын бір барактың бір басына қыздар, екінші жағына ұлдар орналастық. Бізбен бірге факультеттегі «қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының оқу тобы да бірге келді. Яғни, орыс мектебін бітірген қазақтар, тек бәрі дерлік қыздар, екі ғана ұл бар.

Ертеңіне бірден қияр, қырыққабат, картоп теруге жегілдік. Таңғы сегізден қас қарайғанша бақша алқабында жүрсек те шаршау жоқ. Түсте бір сағатқа түскі асқа жинап әкеліп, қайта апарып тастайды. Алып-ұшқан жастық шіркін қоя ма, порты ашық жүк машинасына тиеліп алып өлеңдетіп барып, әндетіп қайтамыз. Әзіл-қалжың да, ойын-күлкі де сонда. Тал шыбықтай бұралып, төңкере қараған көздері мөлдіреген 37 қыздың ортасы 16 жігіттің бар есін аудармай тұра ма!? Шіркін, жастық-ай! Әрқайсымыз қыздар алдында ерекшеленгіміз, танылғымыз келуге ұмтыламыз ғой, баяғы.

Осы ауыл шаруашылығы жұмыстарында ортамыздан махаббат дертімен бірінші ауырған Тұрмахан болды. Орыс тобында орысша-қазақшаны араластыра сөйлеп, «Гүлчәһра» деп танысатын, «Алтын» десең «әу» дейтін жайтаң көз ақжарқын қыз бар еді. Оншақты күн өткен соң Тұрмахан екеуі картоп теруге арналған екі құлақты үлкен қорзинкамен жұп болып терудегі жұмыс барысында да, басқа уақытта да оңашалана бастады. Сол оңашалану бірте-бірте түнгі қыдырысқа ұласты. Кешкі тамақтан соң жігіттердің тәуір деген жылы киімдерін тандап киіп алып жорыққа аттанады, содан үсті-басы шөп-сабан болып таң ата бірақ келеді. Жұмысқа барғанда үш-төрт күпәйке (фуфайка) жинап алып, тоған-арықтың ішіне ұйықтауға кетеді. Түскі асқа барарда айғайлап жүріп әрең тауып аламыз. Өйткені картоп теру барысында алғашқы барып түскен поляның екінші басына дейін көп жер ұзап кетеміз.

Сондай тығылып ұйықтап жатқанында бір қызық оқиға да болды. Жұмыс басталысымен-ақ тізіліп тұрған машиналар мен трактор тіркемелерін тездетіп толтырып жіберуге жанталасамыз. Себебі қырманға дейін бірталай жер, олар барып-қайтып келгенше біріміз қаптарды жастана салып көз шырымын іліп аламыз, қалғанымыз әңгіме-дүкенге кірісеміз. Сол бір шақта бір топ қыз Тұрмахан жатқан тоғанның маңында жырқ-жырқ күліп ұйқысына бөгет болса керек. Әбден ыза болған Түрекең қолына түскен жүгерінің түбірін «крыса» деп айғайлап, қыздарға қарай лақтырып жібереді. Ол сол топ қыздың ортасында алаңсыз жатқан Жанат деген группалас қыздың кеудесіне топ ете түседі. Тышқаннан қорықпайтын әйел баласы бар ма, ал айғай «крыса» болса тіпті сорақы ғой!? Қатты қорыққан Жанатымыз талып қалып, тез арада медпунктке жеткізіп, әрең «тірілтіп» алғанымыз да бар. Сағат 10.30-дан аса шаршау басталады, қарнымыз ашады. Сондай кезде ұйқысы біршама қанып қалған Тұрмахан сол тығылған тоғанда бір шелек картопты шоққа пісіріп әкеліп, ортамызға топ еткізіп қоя салатын. Қалай риза болмайсың, оған қияр қосып, аузы басымыз күйелеш болып қыз-ұлымыз соғып аламыз.

Сол сельхозда осы совхозға келген студенттерге университет тарапынан жетекшілік жасайтын бір оқытушы болды. (Аты-жөнін ұмыттым). Ол біз ғана емес, сол аймақтағы заң, экономика, тарих факультеттерінің бәріне жауапты болды-ау деймін. Аптасына екі рет түн ортасында келіп студенттерді түгендейді. Алғаш келіп орналасқанда-ақ тәртіп бұзаған адамды бірден оқудан шығаратынын зілденіп тұрып айтып кеткен. Әлі оқу бастамаған абитура үшін қолынан оқудан шығара алатын құдіреті бар адам «құдайдай» көрінбей ме? (Қолыңа студенттік билет алғанша студенттің деуге құқың жоқ. Жоғары курс абитура деп кемсітеді). Сол жетекші шала мас күйде қызара бөртіп келіп, түн ортасында түгелдейді. Тіпті қыздар жақ бөлікке де кіріп кететін. Сондай тексеріс кезінде махаббатқа мас болып, қызбен қыдырып кеткен Түрекеңді «жасырып» қалу үшін кереуетін түпкір жаққа ауыстырып, күпәйкелерді ұйықтап жатқан адам сияқты жатқызып қоямыз.

Жұмыстан шаршап келіп, түсінде анаң мен ауылыңды, елдегі ұнататын қызыңды көріп тәтті ұйықтап жатқанда, түнгі сағат 3-тер шамасында светті жағып қалып, айғай салғанда шошып тұрмай көр?! Бригадир лауазымына ие болған Аханби деген өз тобымыздың жігіті

шала орысшасымен «все хорошо, все хорошо» деп мінгірлейді. Жетекші теңселіп тұрып, біреулері ұйқылы-ояу үрпийіп отырған, біреулері ұйықтап жатқан біздерді санайды да, Аханбиге «ну, смотри» деп саусағын безеп, жанындағы шабармандарын ертіп шығып кетеді. Шымкент жақтың жігіттері «шешенді» деп, орталықтың ұлдары «әкеңнің» деп бір сыбап алып, «uh» деп алып қайта жатамыз.

Мен алпысқа келсем де Ташкентті әлі көрген емеспін, ал оны есін білер-білместен көрген, аулы қаланың түбінде тұратын Аханби мен тобымыздың жасы ересек жігіті Әбдірәсіл екеуі ертеңіне «біз сені оқудан шығудан аман алып қалдық» деп Тұрмаханды бір жартылық қызыл шарапқа «түсіретін». Тегі жасынан базар көрген адам қулыққа бейім тұрады-ау осы!? Аханбидің жасынан «Ташкент көргенінің» пайдасын да көрмей қалмадық. Менің студенттік өмірдегі туған күнімді соның арқасында керемет тойладық (16 қыркүйек). Ол бригадир ретінде кейбір ауыл тұрғындарымен ақшаға келісіп алады, біз теріп-жинау барысында тандап тұрып 5-6 қап картопты сол полядағы келісілген тоғанға жасырып кетеміз. Олар түн ішінде барып тасып алады. Ол қаражатты тобымыздың керек деген қажетіне жұмсаймыз, қарын да аш болмайды, шарапқа да жетеді. Иә, айта берсем, қызық көп-ау, көп.

Ғашық жанның, сүйгенімен тіл табысқан адамның көңілі қашан да көтеріңкі болады ғой. Түрекең «ың-қасқа, ың-қасқа» деп қойып, гармонь тартады, домбыра шертеді. Біздің сонда жиі айтатын төрт-бес әніміз болды. У да шу болып машина қорабына тиеліп алған соң, жұмысқа жеткенше шырқаймыз. Орыс тобы қыздары сол кезде хит болған «Клен», ал біз «Неге солай?» деген әнді қосыла әуелетеміз. Әсіресе, «Ана» деп аталатын «Қою қара шайың, Құрт пенен майың, Сағындым ғой, Ана» дейтін өлең жолдары бар әнді үйінен алғаш ұзақ уақыт жыраққа шыққан жастар көзі жасаурай отырып айтатын. Басқа да әндер айтылып, алғашқы екпін басылған соң, бәрі Тұрмаханнан «Кешір мені», менен «Қарындасым-қарлығашым» әнін айтуды сұрайды. (Онда мен де қазіргі кемпіріме ғашық болып жүрген кезім).

«Кешір мені» әнінің авторы белгісіз, Тұрмаханнан сұрағанымызда «білмеймін, біздің ауылда айтылады, әйтәуір» дейтін. Қазір айтылмайды, студенттер ортасында «Тұрмаханның әні» болып тарады. Кейде группаластар бас қосып қалғанда жаңағы «талып-тірілген» Жанатқа айтқызып еске алып қоямыз. Орташа қоңыр дауыспен орындалатын бұл әннің мәтіні мынау:

Бір бақыт өзіңсің өмірдегі,
Жаныма балаймын мен де сені.
Тағдырдың ісіне шараң бар ма,
Сүйіктім, кешірші, кешір мені.
Сен мені сүйесің иланам ғой,
Мен сені тағы ойлап қиналам ғой.
Қинағым келмейді сені бірақ,
Біздерге бақытты қимаған ғой.

Есімде қалғаны осы, тағы екі шумағы бар еді, жадымда қалмапты. Онда «қайтейін бақытты бол, өзінді сүйетін бір адам бар деп біл» деген сияқты ойлар айтылатын. Үздік ән еді деп кесіп айта алмаймын, бірақ осы ән 17-22 жас арасындағы біздердегі алып-ұшпа сезімге керемет әсер етті. Себебі, ол алды бала махаббаттарымен қоштасып үлгерген, енді сағынышпен еске алатын кешегі бала ғашықтардың жүрек қылын тап басты. Біздің топ өте ұйымшыл болды. Кез келген мерекені басқосусыз жібермейтінбіз, сонда «Тұрмаханның әні» міндетті түрде айтылатын.

Тұрмахан-Алтын болып басталған осы махабат дастаны 1975 жылы 8 наурыздағы тобымыздағы тұңғыш үйлену тойымен аяқталды. 1 курста қатын алуына қарсы болса керек, Тұрмаханның ата-ана, туыстарынан аға-жеңгесі мен бір-екі жерлесі ғана болды. Оған қарайтын кім бар, Алтынның «РС-74», біздің «КФ-74» аталатын екі топтың 50 студенті қомақты ақша жинадық та, дүркіретіп тойладық. Бүгінде ф. ғ. д., профессор Асылбек

Жартыбаев пен зергерлік бұйым саудасында бизнес-леди Бақыт Есілбекова атты группалас ұл-қыз тамада болды. Орны - ол кезде асхана, ал қазіргі «Ностальгия» кафесі.

Міне, содан кейін-ақ ол үшін отбасылық өмір басталды. «Михайловкадан» жеруі жалданып, қыз-жігіттер жас жұбайларды жатаханадан «құрметтеп» шығарып салдық. Түрекеңнің біздегі ортақ асүйден қыздардың пісіп тұрған тамағын «ұрлап» алып ішіп, түнде ішіне ыдысына «рахмет» деп жазылған қағаз салып бөлмесінің есігі алдына қойып кететін, бөлке нанды төртке бөліп, үстіне «сливочный маргаринді» қабаттап жағып, ток шайнектің ішіне тікелей салынатын қара шайды қанбай сораптайтын, елден посылка келген студенттің бөлмесіне кешке шақырмастан-ақ жиналатын, тағы сол сияқты қызықтары мол жатақханадағы өмірі осымен бітті. Алты ай бойы «бүтін құртты бөліп жеп, жарты құртты жарып жеп» жүрген бізден ол осылай алыстады.

Тек үйі сол жақта тұратын Әбдірәсіл екеуі анда-санда қалтасында бір жартылық бар келіп кетеді. Ол біткенде біз дүкенге шабарман аттандырамыз, содан екеуі түннің бір уағында барып қайтатын. Енді қайталанбас ерекше бір кезең еді-ау, енді аңсап-сағынғаннан басқа амал бар ма?! Мен кейде біздің студенттік кезімізде расында коммунизм өтіп кетті-ау деп те ойлап қаламын. Қазір айтсаң, ешкімді сендіре алмаспыз: 58 тиынға (теңге емес, рубль-сомның) асханадан 1-ге борщ, 2-ге макоронды котлет, 200 грамм қаймақ, нан, шай ішетіміз. Қызық, танысыңа «қарным ашып тұр, тамақ ішейікші» десең, ақшасы болмай шығады, ал «менде 1 сом бар, сен 1 сом шығар, жүр, сыра ішелік» десең, ақша табыла кетеді. 2 шашлық - 44 тиын, 2 саптаяқ сыра - 40 тиын. Ол жерде таныс кездеспеуі мүмкін емес, қызара бөрітіп қайтасың. «Студенттік коньяк» атанған, 1 сом 12 тиын тұратын «Портвейн-12» виносының дәмі біз үшін әлі де болса, француз шарабынан бір де кем емес. Осыған байланысты студенттік фольклор қандай еді, шіркін...

Бұдан «е-е, бұлардың сыра-шарап ішуден басқаға қолдары тимепті» деген ой тумауы керек. Сол кезде студенттік орта осындай болды да, бізге одан бөлектену еш мүмкін емес еді. Бастысы сабақ босатпасаң болды. Ал сессия жақындағанда және емтихан кезінде Қадыр ақын айтқандай, том-том кітап жастанып, таңға шейін «білім қамалын» аламыз. Біздің топ сабақты жарыса, бәсекелесе оқыдық, мәдени-әдеби іс-шараны да керемет ұйымдастырамыз, сессия кезінде емтиханда білімі төмен студенттің билетін өз сұрақтарымыздан бұрын жазып беріп, «құлағынан сүйреп» шығарамыз. Тілден емтихан тапсыру кезінде Тұрмахан міндетті түрде сабағы нашарлау екі группаласты емтиханға бірін алдында, бірін соңынан кіргізіп, білмеген сұрақтарын жазып беріп, талайының «құламай шығу» сауабын алғаны да шындық. Жақсылық тез ұмытылады, олардың жадында қалмаған шығар, қалса да «нашар оқыдым» деп кім мойындар, енді бүгін «бәлду-бәлду бәрі өтірік».

Тұңғышы туғанда екі группаның студенттері шілдеханаға жиналып, баланың атын қоюға бір сағаттан астам таластық. Жеребе де тастадық, одан біздің топ қойған есім шыққан сияқты еді. Неге екенін білмеймін, Алтынның тобы жеңіп, ақыры Марлен болып кетті. (Маркс-Ленин - Марлен). Отбасы болу студентке оңай дүние емес, Тұрмахан күзетші болып қосымша жұмыс жасап, тұрмыстың қиын тауқыметін шешуге ерте араласты. «Шахтер» стадионы қатарында «Павильон» (қазіргі сырахана) деген бір шағын асхана болды, соның түнгі күзетіне тұрды. Сөйтіп жүріп кейде кешкі тамақ ішуге үлгермеген, не мүмкіндігі жоқ біздің ашқұрсақ жігіттерді тамаққа бір тойдыруға жәрдем жасады. Тарихы мынау: Қойма есігінде беті ашылып-жабылатын, арасына қоймашының қолы қойылған қағазы бар құлып болады. Оны «контрольный замок» деп атайды. Тұрмахан құлыпты ашып, вермешиль, рожки сияқтылардан шақтап алып, оларға тамақ жасап береді. Қоймашының қолын үйреніп алған, аунытпай қоя салады. Асхана аспаздары ертеңге қалған борщ, қаймақ, айран, компот секілді сұйық тамақтарды кетерінде өлшеп кетеді екен. Түрекең солардан керегін құрамы онша бұзылмайтындай етіп алып, қаймаққа айран, айранға су араластырып жібереді екен. Ал нан болса да туралған бетте үйіліп тұрады. Тегі Тұрмаханның жалғыз өзінің ұзақ түнге іші пысатын болуы керек, кейде «бүгін күзетім бар» деп өзі шақырып жататын. Сол кезде студенттер арасына жаңарқалықтар таратқан «белка» деген карта ойыны кең тарады. Таң

атқанша соны ойнап, жігіттер сағат 8-де лекцияға келіп, аудиторияның артқы жағында қалғып-мүлгіп отыратын. Ол кезде «белка» білмеген соң өзім барып көрген жоқпын, жігіттер ертеніне аудиторияда Тұрмаханнан «қоймашы біліп қойған жоқ па?» деп сұрап, талай мәзмейрам болып отыратын.

Тұрмаханның студенттік шағының алғашқы кезеңін осынша тәппіштеп отырған себебім, міне, тура осыдан бастап ол жеке тұлға ретінде өмір атты ұлы жорықтағы күресін қиындықтан еш тайсалмай бастады. Негізінде ол - тілден мықты ғалым, жақсы маман, шебер оқытушы ретінде өзін өзі сомдаған адам. 1970 жылдары филфакты бітірген мен білетін жігіттерден тіл білімі ғылымынан Тұрмаханмен білім таластыра алатын Жантас Жақыпов қана болар. Артық айтсам, ғафу өтінем, кешірмей жатса, бір жерім қисая қоймас.

Тіреп тұрған «блат-сваты» жоқ, көп балалы отбасынан шыққан, елі болса алыс, олардан көмек те ағыл-тегіл келіп жатпайтын студенттің типтік бейнесі керек болса, оған Тұрмаханның образы толық сәйкес келер еді. Бойына туа бітті дарыған қабілеттілік, үңіліп оқығаны мен тыңдағанын қағып алатын зеректіліктің арқасында сессия кезінде еш қиналған жоқ. Жақсы оқыды, әдебиетке қарағанда, тіл білімінде бейімділігін, білімділігін ерекше танытты. Бірақ, басқалар секілді жұлқынып көзге түсуге, білімдарлығымен бедел жинауға ұмтылған емес. Жарқырап назарға ілінетін жағдайларда «е, қойшы соны, маған неменеге керек ол» деп барынша тартыншақтайтын. Осы бір қарапайымдылығынан ол ғұмыр бойы бір танған емес. Тумысынан сүйекке біткен қарапайымдылық пен қоңыр мінез оған ашу-ызаға ерік бермейтін. Бірақ өз пікірі мен сөзі өзінде және оны ашық та айтады.

Ғұмыр бойғы хоббиі балық аулау болды. Бір шабак ұстау үшін сағаттап тапжылмай отыруға тек сабыр ғана емес, мықты төзімділік те керек. Жас кезінде жеген шығар, кейін балық жемеді, сонда да аулады, түні бойғы балығын алып келіп көрші-қолаңға таратып жібереді. «Мен балыққа кеткенде көршілерім ұйықтамай күтіп отырады» деп күлетін. Осы бір Сырдан бала кезден балық аулаған ғадетінен сырқат болғанға дейін бір жаңылмады-ау, жаңылмады. Оған келгенде айтқанға қалтқысыз сенетін аңқау, аңғал да болды. 1 курстың жазында «фольклорлық практикаға барғанға дейін ауылыңа барып келіп үлгермейсің, ауылға барып келейік» деп каникулға шыққанда жоғарыдағы Әбдірәсіл Ақтоғай ауданындағы Жамшы совхозында шопан ата-анасына қонаққа шақырады. Тұрмахан:

- Өзен бар ма?- деп сұрайды.
- «Жамшы» деген үлкен өзен бар, совхоз содан соң аталған, - дейді ол.
- Жақсы болды ғой, қандай балықтар бар? - дейді бұл қатты қызығып.
- Пәлі, балық деген жетеді, сазан, шортан, табан балық толып жүр. Басқа жерде жоқ,

Балқаштан экспортқа шығатын «патша балық» (маринка) та бар, - деп Әбдірәсіл көпіртеді.

Содан Тұрмахан шәкіртақыдан жырып, Алтыннан жасырып, 2 түрлі бірдей қармақ, неше түрлі ілмек, тіпті жауынқұрт та сатып алып қатты дайындалады. Ауданға, одан совхозға, сонан итшілеп түн ішінде жайлауға жетеді. Таң ата бере ертемен Әбдірәсілді оятып, «жүр, кеттік балыққа» деп мазалапты. Мазасы кеткен ол «үйден шықсаң, сол жақта қалың тал бар, сонда барып аулай бер, мен кейін барамын» деп ұйқыдан тұрмайды. Түрекең барлық асай-мүсейін арқалап өзен бойына барса, тобықтан ғана асатын су ғана ағып жатады. Терең суды олай іздейді, бұлай іздейді, қайдан, таулы жер болғанымен көктемде жоқ қатты тасыса да жаз ортасында тартылып қалатын дала өзенінде балық қайдан болсын!? Балықты таба алмай сілесі қатып қайтады ғой. Осы аңғалдығын балық туралы сөз болса талай мазақ қылдық та.

1979 жылы аталған жоғары оқу орнын бітірген соң қызмет бабымен әрқайсымыз әр тарапқа тарадық. Тұрмахан келіншегімен екеуі жолдамамен Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы, «Шеңбер» совхозына мұғалім болып кетті. Университет бітірген соң міндетті түрде үкімет жіберген ауылдық жерде мұғалім болып жұмыс жасауың қажет. Оны «отработка» деп атайды, бармағандарды заңмен мәжбүрлейтін. Одан тек тұрмысқа шыққан қыздар ғана құтылатын. Сонда үш жыл мұғалімдік қызмет жасап, 1982 жылы ҚарМУ-дің қазақ тіл білімі кафедрасына оқытушы қызметіне конкурспен қабылданады.

Бұл өзі мұғалім Черненко хатшының ғылым-білім саласын жандандыру саясаты басталып, факультете жаңа мамандықтар ашыла бастаған тұс болатын. Сонда жас маман іздеген кафедра меңгерушісі Х.Нұрмұқанов «жақсы тілші шығады» деп осы Тұрмаханды шақырады. Реті келгенде айта кетейік, осы ағай Тұрмаханға әкесінен артық қамқорлық жасады. Осы 1982 жылдың күзінде бірден Алматыға ҒА Тіл білімі институтына екі жыл стажировка, екі жыл соискательдікке жіберді. Түрекен 4 жыл ғылым жазды, Алтын сонда лаборант болып жұмыс жасады. Тағы үй жалдап тұрды, ол Қарағандыдан жұмыс бабымен барып жататын жастардың ат басын тірейтін бекетіне айналды. Оны бітіріп, ғылым кандидаты болды, барша ғұмыры қазақ тіл білімі кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарумен өтті. Тұрмахан екеуіміз жатақхананың тар бөлмесінде ғылым жасаған пақырлармыз. Ол он шақты жыл екі баламен, мен 11 жыл төрт баламен жатақ қиындығында шыңдалдық.

Басшы қызмет жасауға мүлде қыры жоқ, мансап атаулыдан анадайдан қашып жүретіндігінің өзі тек ұстаздық еңбекті қадір тұтқан қасиетінен туындап жатты. Факультет деканының орынбасары болып жүргенімде басын ала қашқанына қарамастан «Кеше тай, бүгін тай, осы сенің ат болар күнің жетті ғой» деп зорлықпен «Қазақ тілінің практикалық курсы» кафедрасының меңгерушісі болуға көндірдім. «Әй, Жандос, шынымды айтайын, осы менің қолымнан келмейді» деп үш күн бұталақтады. Айтқанындай бір жылдан соң «ой, мына бір топ қыз-келіншекті басқарғанша, қой бағып кеткенім артық» деп өз еркімен өтініш жазып бас тартты. Ең қатты айтқанда «бір аяғыңды бір аяғыңа теңеп жіберемін» деп қалжыңдаушы едім. Қайран жалған дүние...

Көрнекті ғалымның еңбекқорлығы мен сан қырлы қабілеттілігі кім-кімді де болса тәнті етері анық. Үнемі ізденіс үстіндегі ғылыми тереңдігі оның ғылыми-зерттеу мақалалары, оқулық, оқу-әдістемелік еңбектерінен анық көрінеді. Бұл ретте студенттер жүрегіне білім нәрін ғана емес, адамгершілік ізгі қасиеттерді де сіңіруі ұстазға деген шәкірт сүйіспеншілігін еселей түсуі де заңды. Мен білсем, оның сабағынан студенттер бір түрлі қанаттанып шығушы еді. Осыған байланысты аңғалдығына бір ғана өмірдерек айтайын. Түрекен «Техникалық оқыту құралдары» пәнінен сабақ беріп тұрады ғой. «Кадоскоп» деген техникалық құралды қосуда студенттерді ток ұрудан сақ болу керек екенін айтып жатады. Әсіресе, құралды розеткаға қосуда байқау керектігін ерекше айтып, оны іс жүзінде көрсетпек болса, аудиториядағы розетканың бір сымы жалаңаш болыпты. Оны байқамаған Түрекен аспапты қосқанда қолы сол сымға тиіп кетіп, ток солқ еткізіп ұрып жібереді. Сонда сасқанымнан «ой, әкеннің» деп жіберіппін деп күлуші еді.

Әдебиетшілер қауымы «естелік пен эссе жазу деген - өте қауіпті» дейді. Ол рас. Себебі сен күні кеше ғана қатар өмір сүріп, өзі туралы нақты бір ұғым-түсінік қалыптастырған адам туралы тек жеке өз пікіріңді және бағалаушылық көзқарасыңды айтасың. Ол кейбіреулердің пікірімен сәйкес келуі шарт емес. Сол субъективті тұрғыда баға беруің арқылы қағидаға айнала бастаған кейбір ұғымдарға қарсы шығуың да кәдік. Болмаса сол адам туралы оң пікірді толықтыра түсесің. Орыс ғалымы А. Любинский: «Эссе – взрывоопасно. Эссеист говорит только от себя и за себя. Это опасно», - деп жазуы да сондықтан. «Жас кезінде дос деген көп болады, өсе келе біртіндеп жоқ болатынын» өмір өзі дәлелдейді.

«Есейген адам естелікшіл келеді» дегенмен, арада өткен қырық жыл уақыт көп жайларды жадымыздан өшіргені де, әттең, шіркін, сол кезде көп нәрсенің байыбына бара бермегеніміз де өкінішті. Әсіресе абитура күннен бастап қатар жүрген, әріптес болған, үзілісте оқу ғимараты алдында шылымды бірге бұрқыратып тұрып әңгіме соғатын адам туралы өткен шақпен жазу қандай қиын, қандай ауыр. «Зейнетке шықсам, ауылға, Түркістанға көшем, үй салдырып қойдым» деп қатты дайындалып жүруші еді. Тағдыр жеткізбеді, бірақ балалары аманатын орындап жамбасын туған жеріне жеткізді. Дәм-тұзы таусылатын адамның кіндік қаны тамған жерін аңсай беретін себебі неде екен осы!?